

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен \_\_\_\_\_ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін жұмыстарды орындау туралы азаматтық-құқықтық шарт;

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген және заттық мәні бар құрылысқа байланысты іс-әрекет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа жатқызылатын басқа да іс-әрекеттер (әр жағдайда нақтылау керек).

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_ теңге \_\_ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын ( \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

тиісінше Жұмысты орындау фактісі бойынша Жеткізушіден белгіленген тәртіпте ресімделген электронды шот-фактураларды алған күннен бастап және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған орындалған Жұмыс Актісі (бұдан әрі - Акті) негізінде 10 (он) операциялық күн ішінде ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен

(бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен> <(жазбаша)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.

#### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар <толықтыру> \_\_\_\_ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.

### 3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде, ал кепілдік мерзімі кезеңінде - Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді** .
- 10) Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шараларды орындауды қамтамасыз етуге;
- 11) Жұмыстарды орындау кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормалары мен қағидалары талаптарына жауап беретін өзінің құрал-жабдықтары мен материалдарын пайдалануға;
- 12) кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны Тапсырыс берушіге беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғалары соңғы Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде орындалған Жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;
- 13) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған кезге дейін Шарт бойынша Жұмыстарды орындаған кезде Тапсырыс берушінің құрал-жабдықтарының, материалдарының және/немесе мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 14) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау уақытында Жеткізушінің кінәсінен залал келтірілген

немесе бұзушылықтарға жол берілгендер нәтижесінде Тапсырыс берушіде туындаған үшінші тұлғалармен даулы мәселелерді (шағым-талаптар, наразылықтар) Тапсырыс берушіні тартпай өздігінен шешуге;

15) Жұмыстарды орындау кезінде автомобиль шанағына ұқыпты қарым-қатынасты қамтамасыз етуге, Жұмыстардың орындалу техникасын, кезеңділігі мен сапасын бақылауды жүзеге асыруға;

16) Жеткізушінің аумағында/Объектіде Тапсырыс берушінің автомобилі болған кезде автомобильдің және оның барлық шешілетін бөлшектерінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жұмыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші автомобилін қабылдаған сәтке дейін Жеткізуші қызметкерлерінің немесе басқа сырт тұлғалардың автомобильдерге кіре алмауын қамтамасыз етуге;

17) Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің автомобильдеріне зиян келтірілген жағдайда келтірілген зиянды Тапсырыс берушіні хабарлаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен жоюға/өтеуге және орындалған жұмыстарды Акті негізінде тапсыруға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға құқылы.

## **4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ**

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт күшіне енген күннен бастап 25 (жиырма бес) күнтізбелік күнді құрайды..

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Алматы қ, \_\_\_\_\_.

4.3. Жұмыстар құны, түрлері, ауыстырылатын қосалқы бөлшектердің тізбесі Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген.

4.4. Жұмыстарды Жеткізуші өзінің материалдары және құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, өз күші және қаражатымен орындайды.

4.5. Жұмыстарды толық көлемде орындау үшін Жеткізушінің Алматы қаласындағы материалдық-техникалық базасы болуы қажет.

## **5 . КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап <күні санмен> <(күні жазумен)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап <күні

санмен> <(күні жазумен)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Тараптар <Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы> қол қойған күннен бастап <12> ай құрайды.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Актіге Тараптар қол қойған күннен бастап 12 (он екі) айды құрайды.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - Жұмыстарды орындау күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр <жұмыс/күнтізбелік (керегін таңдап алу)> күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасының <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын

мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан <цифрмен> % (<жазбаша> пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. <Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық көлемде қайтарады> (алдын ала төлем бар болғанда).

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.11. Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес жағдайда (Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы) Шартты бұзуға бастамашы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күнінде Тапсырыс беруші Шарт бойынша Жұмыстарды қабылдаған және нақты орындалған Жұмыстар үшін ғана ақысын талап етуге құқылы.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

## **13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР**

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## **14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**Тапсырыс беруші:**

**Жеткізуші:**

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

**Тапсырыс беруші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

**Жеткізуші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

